

Қазақстан мектебі

Қызыл-еңбек колхозындағы Қазақстан жетіжылдық мектебі 1927 жылы ашылды. Май ауданында сол кезде Май мен Қызыл-еңбек ауылында ғана орта мектеп болды. Ал 1937 жылы Абай ауылынан мектеп көшіріліп, Қазақстан орта мектебі болып аталады. 1946 жылы мектеп қайта жаңарды. Сол кездегі мектеп ауылдың мәдени өмірінің ошағына айналды. Педагогикалық ұжым өз мектебін ерекше деп есептейді. Бұл негізсіз де емес. Себебі осы оқу орнын еліне елеулі, халқына қалаулы болған, мемлекетке қажырлы еңбегімен атаулы болған, дарынды ғалымдар, жазушылар, оқытушылар, әр деңгейдегі басшылар бітіріп, өмірге алғашқы қадамдарын жасаған. Солардың бірі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы ғылым академиясының академигі Ж.Әбділдин (1939-1949) Қызыл-еңбек колхозындағы орта мектепте оқыды.

Осы уақыт аралығында мектеп директорлары:

Көлебаев (1927-1935)

А.Забиев (1938-1939)

Р.Ауезов (1939-1942)

С.Бастемов (1942-1943)

И.Шарапиденов (1943-1945)

Ш.Шуленбаев (1946-1947)

А.Калиакпаров (1947-1952)

Ж.Тұяқбаев (1953-1960)

Р.Сатемиров (1961-1966)

С.Сыздықбаев (1967-1977)

Ж.Икласов (1977-1981)

Р.Молдағалиев (1981-1982)

Т.Ашжанов (1982-1983)

Ш.Шушпаев (1983-1986)

Б.Криспаев (1986-1996)

З.Далабаева (1996-1997,

А.Ахмедиев (1997-2013)

Р. Байкежанова (2013-2024)

2024 жылдың 29-шы тамыздан бастап мектеп директорының міндетін атқарушы, 2025 жылдың 18-ші тамызынан бастап мектеп директоры Бейсенбина Алмагуль Толеуовна.

1927-1960 жылдары Қазақстан орта мектебі, 1961-1987 жылдары Қазақстан сегізжылдық мектебі, 1987-1994 жылдары Қазақстан орталау мектебі, 1994-2004 жылдары Қазақстан орта мектебі, 2005 жылдан бастап “Қазақстан жалпы орта білім беретін мектебі” деп аталады. Қазақстан жалпы орта білім беретін мектебінің жаңа ғимараты 1994 жылы 22 желтоқсанда ашылды. Мектеп директор қызметін сол кезде Болат Ахметович Криспаев атқарды. Бұл директорлардың әрқайсысының мектеп тарихында алатын орны, мектепке сіңірген еңбектері ерекше зор. Мектеп

мақтанышы-үздік оқушылар, халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық сайыс, жарыс, олимпиадалар жеңімпаздары. Бұлар: 1988 жылы 8 сынып оқушысы Акмарал Есенгожина аудандық және облыстық олимпиада орыс тілі пәнінен қатысып, I дәрежелі дипломмен, 8 сынып оқушысы Гүлнар Сапарова аудандық және облыстық олимпиада қазақ тілі пәнінен қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталады. Ақтобе қаласында өткен оқушылардың Республикалық пән олимпиадасында Акмарал Есенгожина орыс тілі пәнінен және Алматы қаласында өткен оқушылардың Республикалық пән олимпиадасына Гүлнар қазақ тілі пәнінен қатысып, сертификатпен марапатталады. 1988-1999 оқу жылында 10 сынып оқушысы Гульдана Кадирова аудандық пән олимпиадасында биология пәнінен I дәрежелі 3 дипломмен марапатталып, облыстық пән олимпиадасына қатысты, мұғалімі Рымгуль Кенжебековна Байкежанова.

Қазіргі уақытта 2016 жылдың 26-шы қыркүйегінен бастап Занды тұлғалық атауы “Қазақстан негізгі орта білім беру мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесіне өзгертілді.